

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 2010 жылғы 29 наурыздағы № 27 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6165 болып енгізілді

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3996 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

он бірінші абзацта «сақтау,» деген сөзден кейін «сынақтар және» деген сөздермен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;**

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ұлттық валютаның банкноталары мен монеталарын дайындау, сатып алу, сату, өтеуін төлеп сатып алу, сақтау, жеткізу, әкету, ауыстыру, өңдеу, орау, айырбастау, айналыстан алу және жою, олардың дизайнын айқындау бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу, айналысқа шығарғанға дейін ұлттық валютаның банкноталары мен монеталары туралы ақпараттық материалдарды дайындау, сондай-ақ аталған операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді **с а т ы п а л у ; » ;**

он төртінші абзацта «құралдарымен» деген сөзден кейін «, арнайы қарыз алу құқықтарымен (АҚК)» деген сөздермен толықтырылсын;

он тоғызыншы абзацта «шоттарын» деген сөзден кейін «Ұлттық Банкте» деген сөздермен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;**

жиырмамыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«төлем жүйелерінің жұмыс істеуі, ақша төлемдері мен аударымдарының барлық түрлерін, оның ішінде қайта жіберумен, қолма-қол ақшаға айналдырумен байланысты және төлем құжаттарымен өзге де операцияларды жүргізу;»;

жиырма екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру, оларды есепке алу, талдау

және бақылау, қаржы нарықтары және қаржы құралдары туралы деректерді алу, резервтік ақпаратты жасау;»;

жиырма үшінші абзацта «және қаржы құралдары туралы деректерді» деген сөздер «қаржы құралдары, банктер және өзге де қаржы ұйымдары туралы деректерді, сондай-ақ халықаралық есеп айырысудың барлық түрлерін жүргізу үшін қажетті ақпаратты» деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма төртінші абзацта: «жүзеге асыруға» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Ұлттық Банкке тиесілі акцияларды сатуға» деген сөздермен толықтырылсын;

«сатып алу» деген сөздерден кейін «, Ұлттық Банктің Резервтік орталығын құруға қажетті консультанттардың қызметін сатып алу» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Ұлттық валютаның банкноталарын, монеталарын және қымбат металдарды сақтау орындарының жұмыс істеу жүйелерінің (күзет, дабыл және өрт сигнализациясы, өрт сөндіру, байланыс, кіріп-шығуды бақылау, бейне бақылау, жел айдау, кондиционирлеу, электрмен қамту, сумен қамту және жылумен қамту) жұмыс істеуі;

Ұлттық Банкке жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды орындауға байланысты ақпараттық материалдарды жасау және (немесе) оларды бұқаралық ақпарат құралдарында және баспа басылымдарында орналастыру; ақша-кредит саясаты, қаржы жүйесінің тұрақтылығы, макропруденциалдық реттеу, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша зерттеулерді жүзеге асыру.»

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы (Сақтапова Ә.А.):

1) Заң департаментімен (Өртембаев А.Қ.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, өкілдігіне және ұйымдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Г. Марченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК